

ТІЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS

Ғылыми мақала
ӨОЖ 811.512.122
<https://doi.org/10.31489/2024Ph1/6-15>

Мақаланың редакцияға түскен күні: 11.09.2023
Қабылданған күні: 03.11.2023

Б.Р. Хасенов*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: boka_001kz@mail.ru)*


12+1 үлгісінің мифтік және лингвистикалық интерпретациясы

Мақалада он екі санының символикасы, сакралдық мәні сөз етілген. Зерттеудің басты материалдары — мифтер, күнтізбелік аңыздар, тұрақты тіркестер, сөздіктер, түркі тіліне қатысты жәдігерлер. Сонымен қатар мақалада «шоғым» таңбасының мифтік-лингвистикалық интерпретациясы әдісі қолданылған. Автор 12 санының мән-мағынасын түсіндіруде шеңбер ішінде нүкте символының 12+1 үлгісін (моделін) пайдаланған. Осы үлгі негізінде 12 санына қатысты мифтік, діни, тілдік, этнографиялық деректерді талдаудың жаңа моделі ұсынылған. 12+1 моделі арқылы жасалған 13 санының да семантикасы ашылып, оның қасиетті және қайғы-қасірет мағыналарының пайда болуы түсіндірілген. Зерттеудің нәтижесінде «бесқонақ», «ұлы мүше» секілді ұғымдардың мәні мифтік-лингвистикалық ашылды және «нүктені» символдайтын ұғымдар («өмір беруші», «өмірлік бастау», «ана», «жатыр», «құрсак») Ұмай, Хауа есімдерімен байланыстырыла талданған.

Кілт сөздер: 12+1 үлгісі, сан символикасы, мифтік лингвистика, символ, бесқонақ.

Kipicne

Қоршаған ортаны, жалған дүниені тек символдар арқылы ғана кескіндей аламыз. Дүниенің жаратылуын, оның кескінін, келбетін, мөлшерін, оның қандай материалдан, қандай жолмен пайда болғанын, Жаратушы иенің оны қалай жасағанын біз көре де, біле де алмаймыз [1]. Біз бұларды тек символдай аламыз. Табиғи болмысты түсіндірудің ең қарапайым символы — нүкте. Нүкте — кіндік, Нұр, абсолют, ілкі-негіз (первооснова) [2]. Кіндіктен, яғни нұрдан, нұрдың шашылуынан, таралуынан әлем жаратылады. Әлемнің символы — шеңбер. Оны қарапайым түрде төмендегідей символдауға болады (1-сурет):



1-сурет. Кіндік-нүкте — Нұр. Шеңбер, сызықтар — нұрдың шашуы, ғалам

Бұл екі символ өзара оппозициялық жұпты құрайды (центр мен периферия). Бұл таңбаның нүктесін жоғары не төмен қаратып оқысақ, кіндік-шет оппозициясының мәні жоғары-төмен оппозициясы болып өзгереді. Сондай-ақ нүктеден тарайтын сызықтардың саны 2, 4, 6, 8, 12, т.б. болуы мүмкін. Осы символдарды қолдану арқылы фольклорлық мәтіндердегі, діндегі, салт-дәстүрдегі, тілдегі, т.б. түйткілді мәселені шешуге болады [1, 2].

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: boka_001kz@mail.ru


Қысқаша түрде нүкте мен шеңбердің мифологиялық мағынасын былайша сипаттауға болады: космогониялық мифтерде нүкте — нұр, көрілмес, құдайы құдірет; шеңбер — нұрдың шашуы, көресін, нәтиже; көлденең ғалам моделінде нүкте — елдің саяси, рухани, әскери басшысы, шеңбер — қалың бұқара; жұлдызды аспандағы нүкте — ғаламның кіндігі деп есептелетін жұлдыз (мыс., Темірқазық), шеңбер — бүкіл аспан топографиясы, жұлдыздар, т.б. күнтізбелік циклде нүкте — жылға қосылмайтын 5–6 күн, шеңбер — 360 күн; сандық символикада нүкте — 1 саны, шеңбер — саны көп (үшеу, төртеу, бесеу, т.б.).

Біз осы мағыналардың арасынан 12+1 үлгісін (мысалы, 360 күн және уақыттан тыс бес күн) пайдаланып, мифтерде, фольклорда, дінде кездесетін тұрақты сюжеттердің мәнін түсіндіруге талпынамыз. Автор бұған дейін мифтік-лингвистикалық интерпретацияның әдісімен бірнеше мақалалар жариялаған болатын [3-5].

Әдісі

Сан символикасы туралы кейінгі жылдарда көптеген зерттеулер жасалып жатыр. Кей ғалымдар фольклорлық, діни мәтіндердегі кездесетін киелі сандардың семантикасын, символикасын қарастырса [6-7], кей ғалымдар бірнеше тілді салыстырып, әр тілдегі тұрақты сөз тіркестерге лингвомәдени, этнолингвистикалық сараптама жүргізген [8-10]. Бұл жұмыстардың барлығында да салыстыру, сипаттама берудің дәстүрлі әдісі қолданылып, екі не одан да көп тілдегі сан компонентті тұрақты тіркестердің тек ұқсастығы, айырмашылығы ғана көрсетіледі. Олардың мифологиялық мән-мағынасы, символикасы, күнтізбелік сипаты, сакральдік қасиеті айтылғанымен, толықтай сипаттама берілмейді.

Сандарда табиғаттың тылсым құпиясы жасырылған. Әр санның өзінің жұмсалатын орны болады. Біз қарастырып отырған 12+1 үлгісі арқылы пайда болған мифологемалар көп жағдайда күнтізбемен, тайпалардың жіктелуімен, Гераклдің 12 ерлігімен, Исаның 12 апостолымен, дененің 12 мүшесімен, музыкамен байланысты. Және 12 санының сакральдік, символикалық мәні, біздің ойымызша, тек 12+1 үлгісі арқылы ғана ашылып, толықтай мифологиялық картинасын түсіндіруге болады. Зерттеушілердің барлығы да 12+1 үлгісі арқылы пайда болған 13 санын жамандықпен, қайғы-қасіретпен ғана байланыстырады. Алайда 13 саны жағымды да мағыналарға ие. Біздің ойымызша, Иса пайғамбар дәл осы 13 санын символдайды. Оның туған күні де осы санмен байланысты. Символ бойынша төмендегідей көрсетуге болады (2-сурет).



2-сурет. 12+1 үлгісі. 12 апостол және Иса

Символдың нүктесі — Иса, ал нүктеден тараған 12 сызық — 12 апостолды символдайды (Иса пайғамбардың апостолдары туралы Матвейдің Евангелиесінің 10:1, 2, 3, 4 бөлімдерінде айтылады). Міне, біз осы таңбаны пайдалана отырып, бейне, сөз талдаудың жаңа үлгісін көрсетіп, мифтік мағыналарды түсіндіретін боламыз. Дәл солай жылдық циклді, яғни 365 күнді бөліп нақтылауға болады. Таңбадағы 12 сызық 12 айды, ал нүкте қосымша күндерді (5-6 күнді) символдайды. Яғни, жылдық циклдің толық болуы үшін он үшінші ай ретінде есепке кірмейтін қосымша күндер қосылып отырған.

Нәтиже мен оның талқылануы

3.1. Күнтізбе

Ежелгі Египет күнтізбесінде жыл алғашқыда 360 күннен тұрған екен. Абыздар Сүмбіле (Сириус) жұлдызының тууын ұзақ бақылап, күнтізбеге қосымша 5 күн қосқан. Қосымша күндердің пайда болуы туралы мынадай аңызда сақталған: Жер құдайы Геб пен аспан құдайы Нут рұқсатсыз некелесіпті. Олардың үйленгенін біліп қойған күн құдайы Ра Нутқа қарғысын жаудырып, ешбір жылдың күнінде не айында балалары дүниеге келмейді деп өзіне-өзі ант береді. Амалы қалмаған

аспан құдайы Нут Тотқа барып басындағы қайғысын айтады. Тот Ай құдайын сүйек (кости) ойнаудан жеңіп, одан 5 күнді ұтып алады. Бұл күндер жылдың соңында қосылады, осы күндерде Гор, Сет, Осирис, Исада және Нефтида дүниеге келген. Содан бастап бір жыл 365 күнге ұзарған екен. Қосымша 5 күнді гректер «эпагомен» (қосымша күн) деп атаған. Бұл күндер құдайлардың туған күні ретінде тойланып, ешбір айға қосылмаған [11].

Осыған ұқсас келетін О. Хаямның да күнтізбесі бар. Ол күнтізбе де 365 күннен тұрады. Алайда оның бір айырмашылығы көктемгі және жазғы 6 ай 31 күнмен, ал күз бен қыс айлары 30 күнмен есептеледі. Бұл Күннің қозғалысына тікелей байланысты. Себебі Күн көктем, жаз айларында баяу, ал қысқы уақыттарда жылдам қозғалады. Парсылардың жаңа жылы 22 наурызда тойланады. Жаңа жыл мен ескі жылдың арасын жалғайтын қосымша күндер «фанджи» (ұрланып кіретін) деп аталған. Сонда О. Хаямның күнтізбесінде әр айда 30 күн болып саналған.

365 күндік күнтізбені ежелгі майя өркениеті де қолданған. Олардың бір ерекшелігі — бір жыл 18 айдан, әр ай 20 күннен тұруында, яғни жыл 360 күнді құрайды. Ал 5 күн 19-шы қысқа ай ретінде саналып, бұл күндері келесі жылдың Тәңірісіне арнап құрбандық шалынған. Француздық ғалым Жан Женэнің пікірінше, майялықтардың бірінші айы поп емес, йаш кин — жас күн. Бір ғажабы — бұл сөз толықтай қазақ тіліндегі жас күн, яғни жаңа күн формасы жағынан да, мағынасы жағынан да үйлесіп тұр. Шуль айы майя тілінде «соңғы» дегенді білдіреді. Осы айдан кейін бірден Йаш кин айы басталады. Жан Женэ сөздердің мағынасына қарай жыл Йаш киннен басталу керек деп санаған. Бұл қысқы күн тоқыраумен, яғни 23 желтоқсанмен толықтай сәйкес келіп тұр [11].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан 5-6 күн бөлек ай ретінде қолданылғанын көруге болады.

Көне түркілер айдың атауларын ретімен атаған. Ілкі ай, екінші ай, үшінші ай, т.т. болып жалғаса береді. М. Қашқаридің дерегіне қарағанда, ортағасырлық түркілерде 12 айдың атауы болмаған, тек қалаларда арабша ай аттарын қолданған. Көшпенді түркілер жылды төрт мезгілге бөліп, үш айды бір атпен атаған. Яғни, көне түркілер жылды төрт тоқсанға (мезгілге) бөлген. М. Қашқарида оғлақ ай (көктем айы), ұлұғ оғлақ ай (үлкен көктем айы), ұлұғ ай (үлкен ай) деп беріліп, лақтың туып-өсуімен байланыстырған [12]. Тек төртінші ай сөздікте айтылмаған (ол кішік ай болуы мүмкін). Түркілердің бір бұтағы болып саналатын біздің ата-бабамыз жылды төртке бөлген. Әр мезгілдің өз стихиясы болған: көктемдікі — су, жаздікі — от, күздікі — топырақ, қысткікі — ауа.

Түркі жұртының тағы бір ұлы мұрасы болып табылатын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» жеті жұлдыз және 12 зодиак туралы айтылады: Сәкентір — Сатрун (қазақша: Қоңырқай жұлдыз), Оңай — Юпитер, Күрүд — Марс (Қызыл жұлдыз), Йашық — Күн, Сәбит — Шолпан, Арзу — Меркурий (Кіші Шолпан), Йалшық — Ай, бұлар жеті планетаның атауы болса, одан кейін мәтінде 12 зодиактың келесідей тізімін береді: Қозы (Тоқты), Үд (Торпақ), Ерентүз (Егіздер), Қушық (Шаян, Рак), Арыстан (Әсет), Бұғдай басы (Бидай басы Бикешке сәйкес келеді; Сүмбіле), Үлгі (Таразы), Шадан (Сарышаян; Скорпион), Иа (Мерген), Оғлақ (Ешкімүйіз; Козерог), Көнек (Сұқұйғыш), Балық [13].

Бұдан түйетініміз — көне түркілердің жыл қайыруында да 12-лік санау жүйесі болған. Ал 360 күнге енбейтін 5 күнді түркілердің бір бұтағы қазақ халқы «бес қонақ», «бес ешкі», «бес байтал» деп атаған. Бұл күндер ескі жыл мен жаңа жылдың арасын жалғастырушы көпір болып саналғанға ұқсайды.

3.2. Геракл мен Исаның зодиакқа қатыстылығы

Геракл туралы аңызда оның 12 ерлігі бірден көзге түседі. Ол микендік патша Эврисфейде қызметте болғанда әйгілі 12 ерлігін жасайды. Гераклдің жасаған ерліктерінің шоқжұлдыздармен байланысы туралы У.Т. Олкотт өзінің «Мифы о солнце» еңбегінде былай деп жазады: «Двенадцать подвигов Геракла, как считается, отражают прохождение Солнца через знаки зодиака, и во многих случаях они очевидно отражают последовательные победы солнечного героя» [14]. Тағы да бір деректе былай делінген: «Пиобб связывал 12 подвигов Геракла со знаками зодиака, подтверждая его характеристику как солнечного героя: победа над Герионом (увел его быков) и великаном Каком — Овен; укрощение критского быка — Телец; столбы — Близнецы, лернейская гидра и стимфалийские птицы — Рак; немейский лев — Лев; амазонки (пояс Ипполиты) — Дева; авгиевы конюшни — Весы; эриманфский вепрь (кабан) — Скорпион, кентавры и кони Диомеда — Стрелец; керинейская лань с золотыми рогами — Козерог; освобождение Прометея — Водолей; чудовище Посейдона, напавшее на Гесиону, — Рыбы» [15]. Овидийдің мәліметі бойынша, Гераклдің туған күні Аполлон, Зевс секілді қысқы күн тоқырауында тойланған [16].

Осы ретте Гераклдің зодиакка қатыстылығы Иса пайғамбармен шендестіруге жол ашады. «Мифы народов мира» атты энциклопедиялық жинақты құрастырушы ғалымдар осыған байланысты мынадай пікір білдіреді: «Мифологическое направление признаёт Иисус Христос мифическим образом, созданным на основе тотемических верований или земледельческих культов (особенно культов умирающего и воскресающего бога), подобно культу Осириса, Диониса, Адониса и других, или интерпретирует образ Иисуса Христа с точки зрения солярно-астральных представлений. Все евангельские рассказы о его жизни и чудесных деяниях рассматривались как простые заимствования мифов из древних религий, из ветхозаветной литературы. В Иисусе Христосе, как и в других аналогичных ему мифологических образах, представители солярно-астральной концепции видели Солнечное божество: он рождается 25 декабря (поворот солнца на весну после зимнего солнцестояния), странствует по земле в сопровождении 12 апостолов (годовой путь солнца через 12 зодиакальных созвездий), умирает и воскресает на третий день (трёхдневное новолуние, когда луна не видна, а потом снова «воскресает» и т.д.). Некоторые последователи астрально-мифологической концепции пытались дать астральные объяснения чуть ли не каждому эпизоду в евангельских повествованиях (находя им аналогии в движении солнца через созвездия Девы, Льва, Скорпиона и т.д.)» [17]. Біздің ойымызша, бұл бейнелердің 12 зодиақтық айларынан бөлек қосымша 5 күнмен де байланысы бар. Әр жердің табиғатына, әр елдің дәстүріне байланысты өзінің мейрамдары болатыны белгілі. Ескі жылдың аяқталып, жаңа жылдың басталуындағы аралық 5 күнде (шолақ айда) құрбандық шалынып, үлкен мереке болған. Міне, осы мерекелік күндерде, яғни 13-ші айда Геракл мен Иса және тағы да басқа құдайлар дүниеге келген.

Айтылған тұжырымдарды таңба арқылы түсіндіруге болады. 360 күн немесе 12 ай таңбаның нүктесінен тараған 12 сызықты білдіреді. Ал таңбаның нүктесі қосымша 5-6 күннің символы болып табылады (Қараңыз: 2-сурет).

Артық күндер ежелден бері ешбір айға қосылмайтын бөлек ай болып саналынған. Бұл уақытта құдайлар дүниеге келген. Адамдар оларға арнап ұлан-асыр той жасаған. Иса пайғамбардың туған күні де қысқы күн тоқырауда қосылған күндерде тойлануы мүмкін. Сонымен, қатар өліп қайта туу мифологемасының мағынасын таңба арқылы түсіндіруге болады (2-сурет). Күн (день) жазғы күн тоқыраудан кейін кеми бастайды. Қыс кезінде, яғни қысқы күн тоқыраудан кейін қайта ұзарады. Бұл символикалық тұрғыда өліп қайта тірілуді білдіреді. Күн (Солнце) тоқыраудың нүктесіне жеткенде, ең қысқа күн (день) болады. Бұл Күннің (Солнце) өлімін білдіреді. Күнтізбелерде қосымша 5-6 күн жылдың соңына, яғни 12-ші айдан кейін қойылады. 360 күн аяқталғаннан кейін қосымша бес күн Күннің, Исаның өлімін білдірген. Өлілерге, құдайларға арнап ас берілген, құрбандық шалынған. Өлу дегеніміз жатырдағы эмбрионға айналу. Таңбадағы нүкте эмбрионды, Күннің қайта туатын бастауды білдіреді. Ал сол нүктеге кіріп, қайта шығуы символикалық тұрғыда жаңа өмірді, жаңа күнді символдайды. Күннің ұзара бастағандағы алғашқы күні жаңа күн немесе жылдың басы деп есептелінген. Әр халықтың тұратын жеріне, табиғатына байланысты жаңа жыл әр алуан тойлануы мүмкін. Ең бастысы — қосымша 5-6 күн жылдың соңында қосылып отырады және бұл туып, қайта өлу мифологемасымен, инициациямен тығыз байланысты болып табылады.

3.3. Мүшел

Қазақ халқында мүшелдік есеп бар. Мүшел есебі 12 жылдық циклмен, жыл қайырумен тығыз байланысты. Көне түркілердің ортақ мұрасы болып саналатын М. Қашқаридің «Диуани луғат ат түрік» еңбегінде жыл қайырудың пайда болуына қатысты мынадай қызық дерек келтіреді:

«Түріктер он екі түрлі хайуанның аттарын алып, он екі жылға ат берген. Балаларының жастарын, соғыс тарихтары мен сол секілді басқа жағдайларды сол жылдардың айналуымен есептеп шығарады. Оның келіп шыққан түп-тамыры мынадай: Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл ілгеріде өткен ұрысты талдап үйренбекші болған, сөйтіп сол ұрыс болған жылды анықтаған кезде жаңылысқан. Сол мәселе хақында қаған халқымен кеңесіп, құрылтайда: Біз бұл тарихты анықтағанда қалай қателессек, біздің келешек ұрпақтарымыз да солай қателеседі. Сондықтан, біз енді он екі ай мен аспандағы он екі шоқжұлдызды негізге алып, әрбір жылға бір ат қояйық, бізден кейінгі жыл қайыру жылдардың айналысымен есептелсін, бұл біздің арамызда мәңгіге бір жәдігерлік болып қалсын», – депті. Халық қағанның бұл айтқандарын «солай болсын» деп құптайды. Сол оймен қаған аңға шығады да, барлық хайуандарды Іле өзеніне қарай қууды бұйырған. Бұл ағысы қатты үлкен дария. Адамдар аң аулай жүріп, хайуандарды Іле өзеніне қарай қуады. Бірқатар хайуандар суға секірген. Солардың он екі түрі судан жүзіп өтеді. Сөйтіп он екі жылға сол он екі хайуанның аты берілген. М. Қашқаридің дерегі бойынша жыл атауларына ие болған хайуандар төмендегідей:

- 1) Сышқан – тышқан;
- 2) Ұд – сиыр;
- 3) Барс – Барыс;
- 4) Табышқан – Қоян;
- 5) Нек – Тимсах (А. Егеубаевтің ескертпесінде қазіргі ұлу деп беріледі);
- 6) Йылан – Жылан;
- 7) Йұнт – Жылқы;
- 8) Қой – Қой;
- 9) Бішін – Мешін;
- 10) Тақағұ – Тауық;
- 11) Ыт – Ит;
- 12) Тоңұз – Доңыз [12].

Көне түркі жазба ескерткіштерінде (VII-VIII ғасыр) кездесетін «Күлтегін қой жылы дүниеден озды», «бітік тас мешін жылы жасалды» секілді сөйлемдерден-ақ жыл атаулары болғандығын аңғарамыз. М. Қашқари сөздігіндегі жыл атаулары толықтай сәйкес келеді. Тек кейбір атауларда ғана айырмашылықтар бар: мысалы, құсқұ — тышқан, лығзын — доңыз. Сонымен қатар, «Жануарлардың жылға таласуы» деген ертегіде 12 жануармен қатар түйе де таласады. Алайда ол шығып келе жатқан күнді соңғы көргендіктен, яғни 13-ші болып көргендіктен, ол жылдан құр қалады. Бұл жоғарыда айтылып кеткен, ешбір айға қосылмайтын күндер секілді қосымша жыл болуы әбден мүмкін. Мысалы, қазақ халқында алғашқы мүшел есебі 13-ші жылдан басталады. Ал оған дейінгі уақыт есепке алынбайды. Біздің ойымызша, осы есепке кірмейтін 13-ші жыл жатырдағы эмбриондық кезең болу керек.

Библияда, Құранда әлемнің жаратылу процесі 6 күнде болған делінген. Ал жетінші күнді демалыс күні деп есептейді. «Так совершены небо и земля и все воинство их. И совершил Бог к седьмому дню дела Свои, которые Он делал, и почил в день седьмой от всех дел Своих, которые делал. И благословил Бог седьмой день, и освятил его, ибо в оный почил от всех дел Своих, которые Бог творил и созидал» (Бытие, 2: 1–3). Таңба бойынша жеті де, он үште нүктенің символы болып табылады. Яғни, «уақыттан тыс уақытты» білдіреді.

3.4. 13-ші мүше туралы

Алғашқы мүшелде адам баласы психологиялық, физиологиялық, биологиялық тұрғыда өзгере бастайды. Ер балалардың даусының жуандауы, түктердің шыға бастауы, қыз балалардың денебітіміндегі өзгерістер, етеккірдің келуі, т.б. жыныстық гормондарға (тестостерон, эстрадиол) байланысты. Ежелгі кезде инициациялық шаралардың өтуі дәл осы кезеңге сәйкес келеді. Мысалы, қыз баланың алғашқы менструалдық циклінен кейін кейбір ұлттарда жасалатын инициациялық салттар (обряд) болған. Бұл уақытта балалық шақтан өтіп, үлкендер қатарына қосылу үшін өліп қайта тірілудің шаралары жасалынған. Австралияда тұратын байырғы халықтардың дәстүрінде неофит құбыжыққа ұқсас үйшікте, лашықта болуы керек. Лашықтың ішінде отыру символикалық тұрғыда жатырдағы өмірді білдірген. Ал одан шығу деген екінші рет туу болып есептелінген [18]. Қазақ халқының салт-дәстүрінде осыған символикалық астары ұқсайтын салт-дәстүрлер бар. Мысалы, қазақ халқында адам баласының беті екі жағдайда ғана жабылған: дүниеден өткенде және келін түсіргенде. Қыз ұзатылған жеріне барғаннан кейін оны үш күн үйден шығармаған. Тек төртінші күні екі жеңгесі қолтықтап, бетіне шәлі жауып, үйден алып шығады. Ақын домбыраның мойнына шәлінің бір шетін байлап, қызға күйеуінің (жігіттің) отбасын таныстырып болғаннан кейін ғана бетін ашады. Бұл жерде байқайтынымыз — қыздың бетін шәлімен жабуы оның өлімін символдайды (қазақтар тек адам өлгенде ғана бет жапқан). Ол өз елінде өлген болып саналады. Оны қайта тірілту үшін бетін ашады. Бетті жауып тұратын шәлі баланы қоршап тұратын пердеге (ұмайға, плацентаға) ұқсайды. Перденің іші мен неофит отыратын үйшік екеуінің мағынасы бір. Пердені (шәліні) ашу мен үйшіктен шығу қайта тууды символдайды. Ал алғашқы инициациялық шаралар жыныстық мүшенің жетілуіне (половое созревание) байланысты жасалған болатын. Қазақ халқында осы мүшені сыпайы түрде ұлы мүше деп те атайды. 12 жыл секілді 12 мүше туралы түсінік бар. 12 мүшеге екі жауырын, екі жамбас, екі орган жілік, екі асықты жілік, екі кәрі жілік, екі тоқпан жілік жатады. Ал он үшінші ретінде ұлы мүшені, яғни есепке енбейтін мүше деп көрсетуге болады.

3.4.1. 13-ші мүшенің символдары

13-ші мүшенің символдары бел, қабырға болып табылады. Қазақ тілінде бел сөзімен байланысты жасалған тұрақты сөз тіркестерінің мәндерінің бірі ұлы мүшеге (жыныс мүшесіне) қатысты болып

табылады. Ер адамға қатысты айтылатын *белден қалу* → *стать импотентом*, *белі бос* → *слабый* (в отношении половой деятельности), *белі жоқ* → *импотент*, *белі толу* → *достигнуть возраста половой зрелости* (о юноше) деген секілді тұрақты сөз тіркестердің мәні жыныстық функциямен байланысты.

Ал қабырғасы қатпаған — не достигший зрелого возраста деген сөзді екі түрлі мағынада түсінуге болады. Біріншісі — алғашқы мүшелге жетпеу, яғни кәмелеттік жасқа жетпеу, екіншісі — екінші мүшелге қатысты мағынасы ақыл-есінің толмауын білдіреді (қабырға толықтай 25 жаста ғана қалыптасады). *Қабырғасы қатып*, *бұғанасы* бекіді мәні де ер жеткендікті білдіреді. Яғни, бұл сөздер тікелей мүшелмен байланысты ұғымдар.

Сонымен қатар, қабырға да, бел де — ұлы мүшенің символдары болып табылады. Мысалы, қабырғадан жаратылу мотиві Энки, Адам ата мен Хауа жайындағы аңыздарда сақталған. «И навел Господь Бог на человека крепкий сон; и, когда он уснул, взял одно из ребер его, и закрыл то место плотию. И создал Господь Бог из ребра, взятого у человека, жену, и привел ее к человеку» (Библия. Ветхий Завет. Бытие 2:21–22). Ал шумерлердің мифінде Нинкурсах Энкидің қабырғасын емдеу үшін Нинтиді жаратады. Шумер тілінде нин — госпожа, владычица — ханым, кожа, ие, ал ти сөзінің бірнеше мағынасы бар: біріншісі — қабырға, екіншісі — өмір, үшінші мағынасы — оқ. Нинтидің қабырғаның иесі, өмір құдайы болып саналуы сөздің негізінде жатыр. Ал Ева сөзі Танах бойынша «Та, что дает жизнь» [19]. Кейінгі жылдары Библияның мәтіндері дұрыс аударылмағандығы жайлы пікірлер пайда болды. Мысалы, профессор Зайони Зевиттің пікірінше, түпнұсқада қабырғаның емес, жыныстық сүйектің бакулюм атауы болған. Алайда бұл сүйек қазіргі адамдарда жоқ көрінеді. Сондай-ақ иврит тілінде Еваны *Chavvah* деп атайды. *Chay* — өмір, ал қабырға *tsela* сөзі арқылы беріледі. Сонда қате аударудың салдарынан Хауа ана «өмір беруші» (өмір сыйлаушы) дегеннің орнына «қабырғадан жаралған» болып шыққан [20]. Жалпы алғанда, Хауа сөзінің негізгі мағынасы «өмір беруші», оны иврит тіліндегі материалдар да, шумерлік миф те нақтылай алады.


Біздің ойымызша, Хауа сөзінің «өмір», «өмір беруші» мағыналары түркі тілдеріндегі ортақ лексика *ам* (бұл сөз әйел адамның жыныстық атауын білдіреді, біз этикетке байланысты бұл сөздің соңғы әрпін қысқартып қолданатын боламыз), *ау*, *ұма* сөздерімен тікелей байланысы бар. Түркі тілдеріндегі *а...*, *ау*, *ұма* сөздерінің мағынасы «*өмір беруші мүше*». Бұл сөздердің мағынасы бұдан бөлек те әйелге, ұрпаққа қатысты сөздердің пайда болуына негіз болған. Мысалы, *ұма* сөзі түркілердің сәбилердің, жас келіншектердің жебеушісі Ұмай атауында сақталған. Ұма — әйел адамның жыныс мүшесі, жатыры. Ал жалпы есім *ұмай* — іштегі жатқан шарананың пердесі, жолдасы (плацента). Плацента (*ұмай*) жатырда ұрықпен бірге қалыптасады. Дәл осындай түсінік алтай түркі халықтарының бірі кумандыларда болған (Ұмай/Ұбай құрсақта баламен бірге пайда болып, туғаннан кейін де өмір бойы қорғайды). Ұмай (плацента) ұрықтың қорғаушы функциясын атқарады. Қорғаушы, жебеуші мәні Ұмай ананың бейнесінен де көрініс табады. Түркі халықтарының басым көпшілігінде (қазақ, қырғыз, алтай, өзбек, т.б.) баланы жын-періден қорғаушы ана ретінде сипатталады. Символикалық тұрғыда *ұмай* (плацента) мен Ұмай ана шеңберді, яғни қорғанды білдіреді. Ол ортадағы нүктені, яғни ұрықты, сәбиді қорғайды (Қараңыз: 1-сурет).

Шорларда Ұмайдың екі түрлі бейнесі болған. Қара Ұмай баланың құтын алушы, тынышын қашырушы болып саналған. Қара Ұмайдың бейнесін адамға ұқсас қылып саздан жасап, ағаш тақтайшаға іліп қойған немесе маталардан қуыршақ тігіліп, ағаш бесікке салынған. Бұл бала ауырғанда не бала тоқтамаған жағдайда бақсының ойынында (камлание) жасалған. Ал Май-ичені (Ұмай ананы) қайыңның қабығына қоянның терісі жабыстырылған оқты садақ түрінде бейнелеген. Оны бала туған жерге қағып қойған. Яғни, Ұмайдың оқты садақ түріндегі бейнесі мен Нинти құдайдың «ти — оқ» мағынасы да толықтай сәйкес келіп тұр.

Сонда қабырға, ұрықты сақтаушы *қапшық* (*ұма*), ұрықпен бірге дамиды *ұмай* (плацента) барлығы да символикалық тұрғыда шеңбермен байланысты. Яғни, қабырға бұл жерде қорғаушы, жаратушы құрсақ мағыналарымен үндес болып тұр. *А...>аб>ау>хау (қаб) >Хауа* семантикалық тізбегінің «өмір беруші мүше», «өмірлік бастау», «ана», «жатыр», «құрсақ», «қорған», «ұрпақ» секілді мағыналары бар.

Ұма сөзінің негізі — *а...* (тілдегі дыбыс сәйкестіктерге байланысты *а* мен *ұ* дыбысы ауыса алады *а~ұ*: *а...~ұм+а*). Ұма — ұрпақты дүниеге әкелуші ұлы мүшенің атауы. Ұма (*ұмай*) — шеңбердің де, нүктенің де атауы. Адам баласы кәмелеттік жасқа жеткенде, ұлы мүшесі дамып, қалыптасады. Ұлы мүшеге жатыр, құрсақ және баланы дүниеге әкелетін мүше (*ау* (*бұт*, *ширинка*), *а...*) жатады (*х*, *Һ*, *қ* дыбыстары протезалық дыбыстар, оларды сөздің басына да қоюға болады) және түркі тілдерінде

бір сөзбен аталады. Ұлы мүшенің атауымен байланысты Хауа, Ұмай есімдері қалыптасқан. Ұмай ананың бірнеше функциясы бар екені белгілі. Ол тек өмір беруші, балалардың қамқоршысы ғана емес, өлілердің жанын о дүниеге жеткізуші де болып табылады. Біздіңше, бір бейненің бірнеше мағынаны беруі сөздің төркінінде жатыр. Ұмайда (жатырда) бала қалыптасады, дамиды. Айы мен күні жеткенде, сыртқа, яғни бұл дүниеге шығады. Ал мифтік деңгейде ананың жатыры да кеңістік болып саналады. Екінші кеңістікке шығу үшін нүктеге (ұмаға) қайта кіру керек. Сонда арадағы тоғысу нүктесі екі кеңістік, екі дүние арасын жалғаушы болып табылады. Суреттегі нүкте — тоғысу нүктесі (3-сурет).



3-сурет. Нүкте — екі кеңістікті жалғаушы ұма, Ұмай.

Яғни, бұл жерде нүкте — ұма, екі кеңістікті жалғап тұр. Ұмайдың о дүние мен бұ дүниенің арасын жалғаушы, о дүниеге адам жанын жеткізуші мәні осы үлгі арқылы анықталады. Сонымен қатар, тіршілік бастауының да символы болып табылады. Сәби дүниеге шығуы үшін осы нүктеден, ұмадан өтеді. Инициация бойынша, туу үшін бірінші өледі, сосын қайта тіріледі.

Адамзаттың бүкіл өмірі, мифологиясы, салт-дәстүрі осы үлгіге негізделген. Инициацияда да үйшіктің, үңгірдің ішінде болу — ана құрсағына оралу дегенді білдіреді. Ал одан есік не тесік арқылы шығу өліп қайта тірілуді символдайды. Сонда бір сөз (мысалы: ұма; ти) бірнеше мағынада (өмір беруші, өмір, ұрпақ, қабырға, қорған) қолданылып, бірімен бірі байланысып тұр.

Ескі жыл мен жаңа жыл арасындағы бесқонақ та нүктені сипаттайды. Ол да 13-ші мүше секілді есепке кірмейді. 13 санын тастап кету, 12+1 үлгісі негізінде жазу, 13 санынан қорқу, есепке алмау астарында ортақ түсінік жатқан секілді. Грегориан күнтізбесі 365 (366) күннен, 12 айдан тұратыны белгілі. Бұл күнтізбеде қосымша 5-6 күн мүлдем алынып тасталуын 13 санының өліммен, есепке алынбауымен байланыстыруға болады. Есепке алынбайтын күндерде құдайлар, Иса пайғамбар дүниеге келген. Бұл күні өлілер мен тірілер арасындағы есік ашылып, о дүниедегі аруақтар ұрпақтарын көру үшін жерге түседі деген түсінік те болған. Сол себепті аруақтарға да арнап құрбандық шалып, той жасалған. Олардың аруағын риза қылу үшін тәтті, дәмділер дайындалған. Қазақ халқында майдың иісін шығару, күй тарту, балуан күрестіру осы аруақ культінен пайда болған. Прецессияның нәтижесінде (72 жылда бір күн қосылып отырады) бұл түсініктер көктемге ауысқан. Ұлыстың ұлы күнінің тойлануы, жаңа жыл наурыз айына ығысқан [21]. Ал Еуропада аруақ культі болмауына байланысты да 13 саны жамандықпен ассоциацияланған секілді.

Қорытынды

12+1 үлгісінде 12 саны жылдық циклдегі 360 күнді білдіреді, ал қосымша күндер нүктені білдіреді. Күнтізбелік мифтерде 5 күн есепке қосылмайды, уақыттан тыс уақытты білдіреді. Бұл күндерде құдайлар дүниеге келген, құрбандық шалынған.

Нүкте — ұлы мүше. Нүктеден (ұмадан) тарайтын 12 сызық ұрпақтың символы болып табылады. Олардың атауы — бір болған. *А., ау, ұма, хауа* сөздерінің мағынасы шеңбер ішінде нүктесі бар таңба арқылы айқындалады және олардың ортақ түбірі *ам* болуы ықтимал. Осы сөздің *а...>аб>ау>хау (қаб)>Хауа* семантикалық тізбегінен «*өмір беруші мүше*», «*өмірлік бастау*», «*ана*», «*жатыр*», «*құрсақ*», «*қорған*», «*ұрпақ*» секілді мағыналар пайда болған. Әйелге қатысты *ама, апа, аба, эмэ, эм* секілді сөздер шыққан. Және осы атаулар 13-ші мүшені сипаттаған. Дененің 12 бөлігі 12 ай болатын болса, есепке кірмейтін қосымша күндер аты аталмайтын 13-ші мүше болып табылады. Бұлардың символикалық мағыналары да ортақ. 12 сәулені тарататын кіндік-нүкте — о дүние мен бұл дүние арасындағы көпір, ілкі уақыт болса, 12 ұрпақты дүниеге әкелетін (туатын), оларды байланыстыратын ұлы мүше — ұлы баба. Сонда 12 санының мәні тек 13 саны арқылы ғана толық ашыла түспек.

13-ші мүшенің символдары тек қабырға, белмен ғана шектелмейді. Тұяқ, тізе сөздері де ұлы мүшені символдай алады. Мысалы, еврейлерде Израильдің 12 ұрпағы (буквально: тізе-колена) деп Иаковтың 12 ұлынан тараған ұрпақты атайды. Қазақ тілінде тізе сөзінің семантикасы үйленумен,

еркек жыныстық қуатымен байланысты: *tіze жылыту* → женитьба старика на молодой женщине. Ал *tіze қосу* → сплотиться; объединяться тіркесінің әу бастағы мағынасы да үй болу, шаңырақ көтерумен байланысты туындаған. Сонымен қатар, ұрпақ жасау амалын да білдірген. Тізеде еркектің қуатына, потенцияға жауап беретін жілік майы болады. Тізедегі жілік майының таусылуы еркектің күштің әлсірегенін көрсетеді. Бұлардың барлығы айналып келгенде, тізенің тікелей 13-ші мүшенің ұрпақ жалғастырушы қызметімен (функциясымен) де байланысты. Осы қасиетті білген адамдар оны ұрпақты жасайтын, дүниеге әкелетін мүшенің атауы ретінде метафоралап, қолданған. Сонымен қатар, грузин тіліндегі *-dze* жұрнағы «үл» мағынасын білдіреді. Грузин тілінің *dze* сөзі мен түркі тілдеріндегі *tіze* (қазақша *tіze*; татарша *tez*; өзбекше *tezza*; түрікше *diz*; әзірбайжанша *diz*; көне түркіше *tiz*) сөзі формасы жағынан сәйкесіп тұр және мағыналық байланысты (ұрпақпен, ұрпақ жасау әрекетімен) да байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1-кітап / С. Қондыбай. — Алматы, 2004. — 510 б.
- 2 Генон Р. Символы священной науки / Р. Генон. — М., 2002. — 496 с.
- 3 Khassenov Bolat. A new vision of numerical symbolism in calendar and life cycles / Bolat Khassenov, Almagul Adilova, Sarzhan Takirov, Baglan Kaukerbekova // European Journal of Science and Theology. — 2021. — Vol. 17, No 1. — P. 93-102.
- 4 Khassenov Bolat. Colour Symbolism in Turkic Culture: A New Look in the Reconstruction of Colour Designation / Bolat Khassenov, Almagul Adilova, Zhanat Rapisheva // Pertanika Journal of Social Sciences & Humanities. — 2022. — Vol. 30. — Issue 4. — P. 1753-1766.
- 5 Khassenov B.R. A new approach in linguistics / B.R. Khassenov, A.S. Adilova, E.E. Tuite, A.G. Ibrayeva // Bulletin of the Karaganda university. Philology series. — 2022. — No 2 (106). — P. 34-42.
- 6 Топоров В.Н. Мировое древо. Универсальные знаковые комплексы — Т. 1 / В.Н. Топоров. — М.: Рукописные памятники Древней Руси, 2010. — 450 с.
- 7 Гудимова С.А. Символика чисел / С.А. Гудимова // Вестн. культурологии. Сер. Философия, этика, религиоведение. — 2017. — № 3(82). — С. 122–134.
- 8 Дзицойты Ю.А. К осетинско-персидским фольклорным связям / Ю.А. Дзицойты // Nartamongæ. — 2017. — Т. XXII, № 1, 2. — С. 234–267.
- 9 Чельшев П. Числовая символика античной мифологии на примере эпических поэм Гесиода и Гомера / П. Чельшев // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. — 2017. — № 24(78). — С. 213–216.
- 10 Гацалова Л.Б. К вопросу о сакральной символической имен числительных в фольклорном тексте / Л.Б. Гацалова // Вестн. Моск. гос. лингв. ун-та. Гуманитарные науки. — 2019. — № 2(818). — С. 19–27.
- 11 Селешников С.И. История календаря и хронология / С.И. Селешников. — М.: Наука, 1970. — 224 с.
- 12 Қашқари М. Түркі тілінің сөздігі (Дивани лұғат-ит-түрік) [III томдық шығармалар жинағы] / М. Қашқари. — Алматы: Хант, 1998. — 1-том. — 600 б.
- 13 Әдеби жәдігерлер. [Жиырма томдық] / Ж. Баласағұн. Құтты білік. — Алматы, «Таймас» баспа үйі, 2007. — 5-том. — 536 б.
- 14 Олкотт У.Т. Мифы о солнце / У.Т. Олкотт. — 1911. — 170 с.
- 15 Кирло Х. Словарь символов. 1000 статей о важнейших понятиях религии, литературы, архитектуры, истории / Х. Кирло; пер. с англ. Ф.С. Капицы, Т.Н. Колядич. — М., 2010. — 525 с.
- 16 Овидий. Метаморфозы / Овидий; пер. с лат. С.В. Шервинского, примеч. Ф.А. Петровского. — М., 1977.
- 17 Мифы народов мира. Энциклопедия. — Т. I / гл. ред. С.А. Токарев. — М., 1988. — 720 с.
- 18 Элиаде М. Тайные общества. Обряды инициации и посвящения / М. Элиаде. — М.-СПб., 1999. — 356 с.
- 19 Зильберман М. Истоки / М. Зильберман // Еврейская старина. — 2005. — № 12 (36).
- 20 Gilbert F. Congenital Human Baculum Deficiency: The Generative Bone Of Genesis 2:21-23 / F.Gilbert, Z. Zevit // American Journal of Medical Genetics. — 2001. — № 101(3). — P. 284-285.
- 21 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 2-кітап / С. Қондыбай. — Алматы, 2004. — 565 б.

Б.Р. Хасенов

Мифолингвистическая интерпретация модели 12+1

В статье раскрыты символика и сакральное значение числа двенадцать. Основные материалы исследования — мифы, легенды, устойчивые словосочетания, словари, артефакты, относящиеся к

тюркскому языку. Автором использован метод мифо-лингвистической интерпретации знака «шоғым». Для интерпретации значения числа 12 он применяет модель 12+1 — символ «точка внутри круга». На основе данной модели предложен новый анализ мифических, религиозных, языковых, этнографических данных, относящихся к числу 12. Семантика числа 13, созданного с помощью модели 12+1, также раскрыта, и объяснено появление его сакральных и негативных значений. В результате исследования были изучены мифо-лингвистические значения таких понятий, как «бесқонақ», «ұлы мүше», и проанализированы понятия, символизирующие «точку» («дающий жизнь», «начало жизни», «мать», «матка», «живот»), связанные с именами Умай и Ева.

Ключевые слова: модель 12+1, числовая символика, мифолингвистика, символ, «бесқонақ», символ «точка внутри круга».

B.R. Khasenov

Mytholinguistic interpretation of the 12+1 model

The article describes the symbolism and sacred meaning of the number twelve. The main research materials are myths, legends, stable phrases, dictionaries, artifacts related to the Turkic language. The article uses the method of mythological and linguistic interpretation of the sign “shogym”. To interpret the value of the number 12, the author uses the 12+1 — “dot inside a circle” symbol. Based on this model, a new analysis of mythical, religious, linguistic, and ethnographic data related to the number 12 is proposed. The semantics of the number 13, created using the 12+1 model, is also revealed and explains the appearance of its sacred and negative meanings. As a result of the research, the mythological and linguistic meanings of such concepts as “besqonaq”, “uly mushe” were revealed and the concepts symbolizing the “point” (“giver of life”, “beginning of life”, “mother”, “uterus”, “belly”) associated with the names Umai and Eva were analyzed.

Keywords: 12+1 model, numerical symbolism, mytholinguistics, symbol, “besqonaq”, “dot inside a circle” symbol.

References

- 1 Qondybay, S. (2004). *Argyqazaq mifologiiasy* [Mythology of the Proto-Kazakhs]. (Vols. 1–4; Vol. 1). Almaty [in Kazakh].
- 2 Genon, R. (2002). *Simvolny sviashchennoi nauki* [Symbols of Sacred Science]. Moscow [in Russian].
- 3 Khasenov, Bolat, Adilova, Almagul, Takirov, Sarzhan, & Kaukerbekova, Baglan. (2021). A new vision of numerical symbolism in calendar and life cycles. *European Journal of Science and Theology*, Vol. 17, 1, 93-102.
- 4 Khasenov, Bolat, Adilova, Almagul, & Rapisheva, Zhanat. (2022). Colour Symbolism in Turkic Culture: A New Look in the Reconstruction of Colour Designation. *Pertanika Journal of Social Sciences & Humanities*, Vol. 30, Issue 4, 1753-1766.
- 5 Khasenov, B.R., Adilova, A.S. Tuite, E.E., & Ibrayeva, A.G. (2022). A new approach in linguistics. *Bulletin of the Karaganda university. Philology series*, 2(106), 34-42.
- 6 Toporov, V.N. (2010). *Mirovoe drevo. Universalnye znakovye komplekсы* [The World Tree. Universal sign complexes]. Vol. 1. Moscow: Rukopisnye pamiatniki Drevnei Rusi [in Russian].
- 7 Gudimova, S.A. (2017). *Simvolika chisel* [Symbolism of numbers]. *Vestnik kulturologii. Filosofiya, etika, religiovedenie — Bulletin of cultural studies. Series Philosophy, ethics, religious studies*, 3(82), 122–134 [in Russian].
- 8 Dziccojty, Yu.A. (2017). *K osetinsko-persidskim folklornym sviaziam* [On Ossetian-Persian folklore relations]. *Nartamonga*, 12(1), 234–267 [in Russian].
- 9 Chelyshev, P. (2017). *Chislovaia simvolika antichnoi mifologii na primere epicheskikh poem Gesioda i Gomera* [Numerical symbolism of ancient mythology on the example of the epic poems of Hesiod and Homer]. *Istoricheskie, filosofskie, politicheskie i yuridicheskie nauki, kulturologiya i iskusstvovedenie. Voprosy teorii i praktiki — Historical, philosophical, political and legal sciences, cultural studies and art history. Questions of theory and practice*, 24(78), 213–216 [in Russian].
- 10 Gacalova, L.B. (2019). *K voprosu o sakralnoi simvolike imen chislitelnykh v folklornom tekste* [A question about the sacred symbolism of the names of numerals in the folklore text]. *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki — Bulletin of Moscow State Linguistic University. Humanitarian sciences*, 2(818), 19–27 [in Russian].
- 11 Seleshnikov, S.I. (1970). *Istoriia kalendaria i khronologiya* [The history of the calendar and chronology]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 12 Qashqari, M. (1998). *Turki tilining sozdigi* [Dictionary of the Turkic language] (Divani lugat-it-turik) (Vols. 1-3; Vol. 1). Almaty: Khant [in Kazakh].
- 13 Balasagun, Zh. (2007). *Adebi zhadigerler* [Literary Relics]. Qutty bilik (Vols. 1-20; Vol. 5). Almaty: “Taimas” baspa uii [in Kazakh].
- 14 Olcott, U.T. (1911). *Mify o solntse* [Myths about the sun] [in Russian].

- 15 Kirlo, H. (2010). Slovar simbolov. 1000 statei o vazhneishikh poniatiiakh religii, literatury, arkhitektury, istorii [A dictionary of symbols. 1000 articles on the most important concepts of religion, literature, architecture, history]. (F.S. Kapicy, T.N. Koljadich, Trans.). Moscow [in Russian].
- 16 Ovidius. (1977). Metamorfozy [Metamorphoses]. (F.A. Petrovskii, Trans.). Moscow [in Russian].
- 17 Tokarev, S.A. (Ed.) (1988). Mify narodov mira. Entsiklopediia [Myths of the peoples of the world. Encyclopedia]. Moscow, 1 [in Russian].
- 18 Eliade, M. (1999). Tainye obshchestva. Obriady initsiatsii i posviashcheniia [Secret societies. Rites of initiation and dedication]. Moscow–Saint-Petersburg [in Russian].
- 19 Zil'berman, M. (2005). Istoki [Origins]. *Evreiskaia starina — Jewish antiquity*, 12(36) [in Russian].
- 20 Gilbert, F. & Zevit, Z. (2001). Congenital Human Baculum Deficiency: The Generative Bone Of Genesis 2:21-23. *American Journal of Medical Genetics*, 101(3), 284-285.
- 21 Qondybay, S. (2004). Argyqazaq mifologiiasy [Mythology of the Proto-Kazakhs]. (Vols. 1-4; Vol. 2). Almaty.

Information about author

Khasenov, B.R. — PhD, Assistant, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: boka_001kz@mail.ru.